




Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған қалалық олимпиаданы өткізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған қалалық олимпиаданы (бұдан әрі – Олимпиада) ұйымдастыру мен өткізу тәртібін белгілейді. Олимпиада Астана қаласының орта білім беру ұйымдарындағы бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыру, олардың үздік тәжірибесін анықтау және тарату мақсатында өткізіледі.

1.2. Олимпиада Астана қаласы Әдістемелік орталығының 2025 жылға арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты:

Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін, шығармашылық әлеуетін дамыту, инновациялық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату.

2.2. Міндеттері:

- Бастауыш білім беру сапасын арттыруға ықпал ету;
- Мұғалімдердің кәсіби даму мүмкіндіктерін кеңейту;
- Үздік педагогикалық тәжірибелерді анықтап, оларды насихаттау;
- Мұғалімдердің пәндік және әдістемелік білім деңгейін бағалау.

3. Олимпиадаға қатысушылар

3.1. Олимпиадаға Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінен еңбек өтілі 10–15 жыл аралығындағы бастауыш сынып мұғалімдері қатыса алады. Оқыту қазақ тіліндегі мектептен – 2 мұғалім, оқыту орыс тіліндегі мектептен – 2 мұғалім жіберіледі.

3.2. Соңғы үш жылда республикалық немесе қалалық байқаулардың жүлдегерлері олимпиадаға қатыса алмайды.

4. Олимпиаданы өткізу мерзімі мен тәртібі

4.1. Олимпиада үш кезеңнен тұрады:

- I кезең – мектепшілік (2025 жылғы 20–30 қазан аралығы);
- II кезең – аудандық (2025 жылғы 12–14 қараша аралығы);



- III кезең – қалалық (2025 жылғы 26 қараша)

**Қалалық кезең 2025 жылғы 26 қараша күні №101 мектепте өткізіледі.
Мекенжай: Төле би көшесі, 57а**

4.2. Олимпиадаға қатысуға өтінімдер 2025 жылғы 7 қарашаға дейін қабылданады. Өтінімдер осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес рәсімделіп, электрондық пошта арқылы жіберіледі:

E-mail: nga.bast.2025@mail.ru

Анықтама телефондары: 8 701 157 15 95, 8 776 689 76 76, 8 701 592 83 39

4.3. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен өтінімдер қаралмайды.

4.4. Аудандық кезеңнің өткізу кестесі:

Аудан	Өткізу күні	Өтетін орны	Уақыты
Есіл, Нұра	12.11.2025	«№93 мектеп-лицей» Ж.Нәжімеденов көшесі, 24	10:00
Алматы, Байқоңыр	13.11.2025	Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш». мектеп-лицейі, Күйші Дина көшесі №6	10:00
Сарыарқа, Сарайшық	14.11.2025	№79 мектеп-лицейі М. Нәрікбаев көшесі, 3	10:00

5. Олимпиаданың мазмұны және өткізу тәртібі

5.1. Олимпиадада қатысушылар «Оқыту пәндерінің мазмұны» бойынша тест тапсырмаларын орындайды.

5.2. Тест құрылымы (барлығы 50 тапсырма):

- Оқыту қазақ тілді мектептер үшін:
 - ✓ Математика – 20 тапсырма
 - ✓ Қазақ тілі – 20 тапсырма
 - ✓ Дүниетану және жаратылыстану – 10 тапсырма
- Оқыту орыс тілді мектептер үшін:
 - ✓ Математика – 20 тапсырма
 - ✓ Орыс тілі – 20 тапсырма
 - ✓ Дүниетану және жаратылыстану – 10 тапсырма

5.3. Тестілеудің жалпы уақыты – 2 сағат.

5.4. Олимпиада барысында калькулятор, ұялы телефон және басқа электронды құрылғыларды пайдалануға қатаң тыйым салынады.

5.5. Олимпиада нәтижелері хаттама түрінде рәсімделеді.

6. Жеңімпаздарды анықтау және марапаттау

6.1. Тест тапсырмалары үш түрлі форматта беріледі:

- Бір дұрыс жауабы бар – 40 тапсырма (әрқайсысы 1 балл)
- Бірнеше дұрыс жауабы бар – 6 тапсырма:
 - ✓ Барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл
 - ✓ Бір қате – 1 балл

- ✓ Екі немесе одан көп қате – 0 балл
- Мәнмәтіндік тапсырмалар-4 (мәтін бойынша 3 тапсырма, әр мәтінге 4 сұрақ):
 - ✓ Әр дұрыс жауап – 1 балл

6.2. Олимпиаданың қорытындысы бойынша жоғары ұпай жинаған мұғалімдер жеңімпаз деп танылады және келесі марапаттарға ие болады:

- I, II, III дәрежелі дипломдар;
- Қалған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

7. Олимпиаданы ұйымдастыру және сараптау

7.1. Олимпиаданы ұйымдастыруды және өткізу жұмысын Астана қаласы Әдістемелік орталығы жүзеге асырады.

Комиссия құрамына:

- Әдістемелік орталық Орта білім бөлімінің әдіскерлері;
- «Шебер», «Зерттеуші» санатындағы педагогтер.

7.2. Әдістемелік орталықтың негізгі функциялары:

- Қатысушыларды тіркеу және үйлестіру;
- Олимпиада тапсырмаларын әзірлеу;
- Бағалау критерийлерін жасау;
- Нәтижелерді талдау және техникалық өңдеу;
- Қорытынды шығару және марапаттау рәсімін ұйымдастыру.

7.3. Олимпиаданың әділ және ашық өткізілуін қамтамасыз ету мақсатында сараптамалық комиссия құрылады. Оның құрамына білім беру ұйымдарының білікті педагогтері мен педагогикалық қауымдастық өкілдері кіреді.

7.4. Сараптамалық комиссия мүшелерінің дауыс беруі тең түскен жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

1-қосымша
Нысан

Бастауыш сынып мұғалімдеріне
арналған олимпиаданың **аудандық**
(қалалық) кезеңіне қатысуға

Өтінім

(мекеменің толық атауы)

Т.А.Ә.	Туған жылы	Еңбек өтілі, санаты	Мамандығы	Байланыс телефоны

(қолы)

Күні _____ 20__ ж.